CDMA жүйесінде айнымалы және тіркелген ұзындықтағы ортогоналды кодтар пайдаланылады. Мұндай жүйеде әрбір ұялы қолданушыға кеңею коды ретінде бір тізбек бөлінеді, сонымен қатар барлық пайдаланушылар арасындағы корреляция нөлге тең.

Уолш коды (Walsh code) – CDMA жүйеснде кеңінен пайдаланылатын ортогоналды код. Уолш кодының жиынтығы өлшемі *nxn* болатын Уолш матрицасы. Матрица келесі рекуррентті өрнекпен анықталады:

$$W_1 = (0), \tag{2.1}$$

$$W_{2n} = \begin{pmatrix} W_n & W_n \\ W_n & \overline{W_n} \end{pmatrix}, \tag{2.2}$$

Бұл жерде *n* – матрица өлшемі; жоғарғы сызық логикалық ЖОҚ – ты матрица биттеріне қолдануға сәйкес келеді. Уолш матрицасына сай тұжырым:

әр жол кез – келген басқа жолға және логикалық ЖОҚ операциясы қолданған жолға ортогональ.

2.2 суретте өлшемдері екі, төрт, сегіз болатын Уолш матрицалары көрсетілген. Өзара корреляцияны есептеу үшін бір оң таңбалы бірге, ал нөл теріс таңбалы бірге ауыстырылады.

Уолш тізбектері секілді кеңеюдің ортогоналды кодтары бір CDMA арнаның барлық қолданушылары қарапайым сигналдың ең аз бөлігіндей дәлдікпен синхрондалған болса ғана қолданылады. Уолш тізбегінің әр түрлі қозғалыстарының өзара корреляциясы дәл синхрондау жоқ кезде псевдокездейсоқ тізбекті қажет етеді.

$$W_2 = \begin{pmatrix} 0 & 0 \\ 0 & 1 \end{pmatrix} \qquad W_4 = \begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 1 & 1 \\ 0 & 1 & 1 & 0 \end{pmatrix} \qquad W_8 = \begin{pmatrix} 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 & 1 & 0 & 1 & 0 & 1 \\ 0 & 0 & 1 & 1 & 0 & 0 & 1 & 1 \\ 0 & 1 & 1 & 0 & 0 & 1 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 0 & 0 & 1 & 1 & 1 & 1 \\ 0 & 1 & 0 & 1 & 1 & 0 & 1 & 0 \\ 0 & 0 & 1 & 1 & 1 & 1 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 1 & 0 & 1 & 0 & 0 & 1 \end{pmatrix}$$

2.2 сурет – Уолш матрицасы

2.3 CDMA арналарының құрылымы

CDMA – да базалық станциядан тасымалдайтын арна тура (Frward), базалық станциядан қабылдайтын – кері (Reverse) . CDMA арналарының IS – 95 – стандарттағы құрылымы 2.3 суретте көрсетілген.

CDMA – ғы тура арналар:

- арна – қозғалмалы станция желімен бастапқы синхронизация мен базалық станцияның сигналдарын уақыт, жиілік, фаза бойынша қадағалау үшін пайдаланылады;
- синхронизация арнасы – базалық станцияның идентификациясын, ұшқыш сигналдың шағылу деңгейін, псевокездейсоқ тізбектің фазасын қамтамасыз етеді. Көрсетілген синхрондау этаптарынан кейін байланыс орнату процесі басталады;
- Шақыру арнасы – қоғалмалы станцияны шақыру үшін керек. Шақыру сигналын қабылдағаннан кейін қозғалмалы станция нақтыланған сигналды базалық станцияға жібереді, одан кейін шақыру арнасы арқылы қозғалмалы станцияға байланыстың орнатылғаны және байланыс арнасы туралы ақпарат жібріледі. Жеке шақыру арнасы қозғалмалы станция барлық жүйелік ақпаратты (тасушының жиілігі, такттік жиілік, синхронизация арнасы бойынша сигналдың кешігуі)алған кезден бастап жұмыс істейді.

- Тура трафик арнасы – дауысты хабарландыру мен берілгендерді және базалық станциядан қозғалмалы станцияға басқарушы ақпаратты тасымалдау үшін керек.



2.3 сурет – CDMA стандартындағы байланыс арналарының құрылымы

CDMA – дағы кері арналар:

- Тиімділік арнасы – трафик арнасын әлі пайдаланбаған қозғалмалы станция мен базалық станция арасында байланыс орнатады. Тиімділік арнасы шақыру арнасы (Paging Channel), желіде тіркелу үшін командалар мен сұраныстар бойынша берілетін хабарландыруға шақыру мен жауап орнатады. Тиімділік арнасы шақыру арнасымен біріктіріледі;
- Кері трафик арнасы – дауысты хабарландыру мен қозғалмалы станциядан базалық станцияға басқарушы ақпараттың тасымалын қамтамасыз етеді.

2.5 – суретте қарапайым байланыстың орнатылу процедурасы көрсетілген (қозғалмалы станцияға кіретін шақыру). 2.5 суретте қарпайым шақырыстың өту процедурасы көрсетілген (қозғалмалы станциядан шығатын шақыру) .

Базалық станция бір уақытта 64 арна шығара алады, оның екеуі синхрондалу үшін, жетеуі жеке шақырыс үшін (Paging), қалған елу бесі дауысты хабарландыруларды (Traffic) тасымалдау үшін қолданылады .[2].

Қуатты басқару :

CDMA – да желі сыйымдылығы бір мезгілде жұмыс істейтін әр МС – ге арналған Eb/No деңгейіне тәуелді. Сондықтан радиоарнаның сапалы деңгейін сақтау үшін Eb/No деңгейін минималдау керек.



2.5 сурет – Қозғалмалы станциядан шығатын шақырыс

ШПС – ны эффективті өңдеу үшін қабылдағышқа кірер жолда бірдей орташа қуат тығыздығы болу керек. Қуаттың бірдей орташа тығыздығын МС мен БС таратқыштарының кері байланыс жүйесі бойынша қуатты динамикалық басқарумен қамтамасыз етеді. Тура арнаға қарағанда базалық станцияға келіп түсетін сигналдар ақырын өшпейді, керсінше 80дБ динамикалық диапазонда бір – біріне қатысты вариациаланады. Ол екі этаптан тұрады: МС – ның қуатын өлшеу және МС мен БС – ның қуатын жөндеу. Қарастырылған жұыс принциптері жаңа замандағы CDMA жүйесінде пайдаланылады.

2.4 CDMA2000 1xEVDO Технологиясы

Берілгендерді тасымалдау желісіне жоғарыжылдамдықта радиотиімді болу үшін, мысалы, Интернет. Ол қарапайым қолданушыға да, профессионалға да тиімді.

CDMA (CDMAOne TIA IS – 95) желісімен үйлесімді және берілгендерді қорапта тасымалдау қызметіне оптимизацияланған. CDMA2000 1xEVDO – ң жүйелер арасында тіркелген және қозғалмалы радиобайланыста қызмет көрсетуден аналогы жоқ [1].

Бұл технология радиоинтерфейстің жоғарғы өткізу қабілетімен ақпарат тасымалдауының салыстырмалы қымбат емес (GSM GPRS, CDMA2000 1x және WCDMA жүйелерімен салыстырғанда) бағасын қамтамасыз етеді.

CDMA2000 1xEVDO – да мұндай сипаттамаларды желі қоры мен радиожиілікті спектрдің минималды көлемінде ұсынады, ол спектрді пайдаланудың жоғарғы деңгейдегі эффективті технологиясы болып табылады. 1xEV атауы «эволюция» мағынасына жақын, құру процесінде пайда болды. CDMA2000 1xEVDO – Evolution Data Optimized стандарты өзара байланысты екі режимнен тұрады:

- 1x интегралды режимі дауысты хабарландыру мен орташажылдамдықты берілгендерді оптимизациалайды;
- 1xEVDO режимі жоғарғы өтімді қабілеті бар берілгендерді тасымалдайтын жоғарғыжылдамдықты желі мен Интернетке кіру үшін оптимизациаланған. Желілердің инсфраструктурасы үшін техникалық жабдықты дайындаушылар CDMA2000 1xEVDO мен 1x режимдерін бірге қолдайды. Олардың ішіндегі белгілі компаниялар: Lucent, Hitachi, LGIC, Samsung, Nortel, Ericsson, Airvana, ComDev, Motorola және Huawei.

Ақпараттық технологияның, Интернет желілерінің және өз уақытында ақпарат қабылдау қызметінде ұдайы өсіп тұратын тұтынушы сұраныстарының қарқынды өсуі Интернетке сымсыз кіретін жоғарғы сапалы технологияны дайындауды талап етеді.

CDMA2000 1xEVDO жүйелері CDMA жүйесімен(CDMAOne TIA IS – 95) толық үйлесетіндей жасалған. Радиоинтерфейстің IS – 95/1x CDMA – ның CDMA2000 1xEVDO жүйесіндегі IS – 95/1x CDMA мен CDMA2000 1xEVDO үшін әр түрлі режимдегі қарапайым әрі үнемді абоненттік терминалдарын ұсынуға болады. IS – 95/1x CDMA желісінен CDMA2000 1xEVDO желісіне

эволюциялық өту кезінде IS – 95/1x CDMA және CDMA2000 1xEVDO екі режимді құрылғылар тұтынушыларға IS – 95/1x CDMA жиілігіндегі дауыстық және CDMA2000 1xEVDO жиілігіндегі ақпараттық қызметке кіру жолын қамтамасыз етеді.

2.4.1 CDMA2000 1xEVDO Радиоинтерфейсі

CDMA2000 1xEVDO радиоинтерфейсінің өлшемдері берілгендерді оптималды тасымалдау қорабы үшін жасалған. CDMA (1,25 МГц) тасымалдаушысының базалық станциядан бағытталатын бір жиілікте бір сотқа (үш сектор) 7,4 Мбит/с қосынды өткізу қабілетін қамтамасыз етеді және радиожиілікті спектрді эффективті пайдаланады.

CDMA20001xEVDO жасау кезінде байланыс желісіндегі сигналдарды тасымалдау шартына берілгендер мен дауысты ақпараттар ерекшеленетін сұраныстар қоятыны – бастапқы негізгі ерекшелік. Сондықтан осы екі қызмет түрінің араласуы кезінде эффективтіліктің кемуі байқалады. Осыны ескерген CDMA2000 1xEVDO радиоинтерфейсі CDMA – ның бөлек тасымалдаушысының бөлінуін талап етеді. Радиотасымалдау көзқарасы бойынша CDMA2000 1xEVDO сигнал пішіні IS – 95/1x – пен 100 пайыз үйлесімділігін сақтап қалатынын айту керек .

CDMA2000 1xEVDO сигнал пішіні абоненттік терминал мен желі инфраструктурасы үшін бір чиптік тасымалдау жылдамдығын(1,228 мегачип секундына), тасымалдау жолының энергетикалық потенциалын және жиілікті – территориялық пландау өлшемдерін пайдаланады. Әр түрлі тасымалдаушыда дауысты ақпарат пен берілгендердің берілуінің оптимизациясы екі жақсы жағы бар: жүйелік программалық қамтамасыз етуін жеңілдетеді және жұмысты баланстау есептерінің қиын шешу жолдарынан қашуға мүмкіндік береді.

1x/1xEVDO жүйелер технологиясының CDMAOne жүйесінен эволюциялық ауысу аз шығындалу альтернативасын ұсынады. Қазіргі кезде CDMA2000 1xEVDO жүйелері сызықты жағдайда тексерілген және дүниежүзінің әр түрлі мемлекеттерінде коммерциялық эксплуатацияда қолдануда. CDMA2000 1xEVDO радиоинтерфейсі базалық станциядан шығатын бағытта радиосигналдың қуатын эффективті пайдалануға мүмкіндік береді [6].

Абоненттік терминал тиімділік желісіне сигналды тасымалдаудың мүмкін жылдамдығы туралы жаңартылып тұратын ақпаратты жіберіп отырады. Осы ақпарат арқылы жүйе кез – келген уақытта бөлек тұтынушыға қызмет көрсете алады. Тасымалдау жылдамдығын басқарудың бұл сипаттамасы CDMA2000 1xEVDO – ның әрқашан тиімді нүктесінен максималды қуатпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ол нақты қабылдау аймағында жүрген тұтынушылар үшін жылдамдықтың үлкен мәніне жеткізеді. Абоненттік терминал сигнал – ұшқыштың қабылдау деңгейін өлшейді және арна жағдайына негізделіп берілгендерді тасымалдаудың керекті мәнін көрсетеді. Тиімділік нүктесінде сигналдың базалық станциядан шығатын бағытта үзіліссіз құрылуы орындалады. Әр түрлі тасымалдаушыда дауысты

ақпарат пен берілгендердің берілуінің оптимизациясы екі жақсы жағы бар: жүйелік программалық қамтамасыз етуін жеңілдетеді және жұмысты баланстау есептерінің қиын шешу жолдарынан қашуға мүмкіндік береді. Тасымалдау жылдамдығын басқарудың бұл сипаттамасы CDMA2000 1x EVDO – ның әрқашан тиімді нүктесінен максималды қуатпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Ол радиоканал кез – келген уақыт мезетінде ұстай алатын тасымалдың жоғарғы жылдамдығын қамтамасыз етеді. CDMA2000 1x EVDO арнасының құрылымы 2.6 суретте көрсетілген.

Көптеген ақпараттық қосымшалар үшін радиожелі инфраструктурасынан кері бағытқа қарағанда үлкен көлемді берілгендер қабылданады. Сондықтан CDMA2000 1xEVDO базалық станцияға кіретін және одан шығатын тасымалдың ассиметриялық жылдамдығын ұсынады.



2.6 сурет – CDMA2000 1xEVDO арнасының құрылымы

CDMA2000 1xEVDO – дағы берілгендерді тасымалдау жылдамдығының үлкен мәндері:

- Базалық станциядан шығатын бағытта бір секторға – 2457 кбит/с;
- Базалық станцияға кіретін бағыт бір секторға – 153,6 кбит/с.

CDMA2000 1xEVDO радиоинтерфейсі желі қорын CDMA (1,25 МГц) жүйесінің бір ғана меншікті каналын алған кезде ақпараттық қызмет үшін орташа өтімділік қабілетін ұсынып эффективті пайдаланады. CDMA2000

1xEVDO – де қамту аймағында тұтынушыларды бірқалыпты орналастырған кезде, өткізу қабілетінің үшсекторлы ұядағы базаға қараған бағытындағы орташа мәні бір ұяға – 600 кбит/с.

Өтімділік қабілетінің жоғарыдағы мәндерін есептегенде, базалық станцияға бір антенна жеткілікті болады. Қос қабылдау антеннасы мен шашылған қабылдауы бар абоненттік терминалдардың қабылданатын ақпаратты декодтау нақтылығында артықшылығы бар. Бұл кезде қайта тасымал саны азайып, жүйе эффективтілігі артады.

CDMA2000 1xEVDO технологиясында параллель кодтар мен турбокодтаудың артықшылықтары пайдаланады. IS – 95/1x – пен салыстырғанда өлшемдері үлкейтілген циклдар қолданады.

CDMA2000 1xEVDO – да базалық станциядан шығатын бағытта ортақ арна пайдаланылады. Қызмет көрсету процесі кезінде абоненттік терминал сигналды базалық станциядан толық қуатпен қабылдап алады. Тиімділік нүктесінде шығатын қуаттың эффективті пайдалануы 2.7 суретте көрсетілген. Абоненттік терминал сигнал/шу(C/I) қатынасын есептейді және тиімділік нүктесін тасымалдау жыдамдығының максималды мүмкін болатын мәні туралы ақпараттайды. Тиімділік нүктесінің таратқышына максималды қуатпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ол берілгендер тасымалын абоненттік терминал сұрап тұрған үлкен жылдамдықпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.



2.7 сурет – Тиімділік нүктесіндегі шығу қуатының эффективті пайдаланылуы

CDMA2000 1xEVDO жүйесінің секторында кез – келген уақытта желі қорын бір мезетте пайдаланып, яғни қораптарды активті сұрап және қабылдап отырған 60 – тай тұтынушы болады.

Мысалы, егер тұтынушылар сектордағы активтік коэффициенті онға тең қосымшаны пайдаланса, онда секторда алты жүз тұтынушыға қызмет көрсетуге болады. CDMA2000 1xEVDO берілгендердің үлкен көлемін жоғарғы жылдамдықта тасымалдауды қажет ететін ақпараттық қосымшамен байланысты. Ол БС қызмет көрсету секторында кез – келген уақытта ондаған активті тұтынушыларға жоғарғы өтімділік қабілетін қамтамасыз етеді. Берілгендерді тасымалдауда жоғарғы жылдамдықта тасымалдауды қажет

етпейтін ақпараттық қосымшаны пайдаланған кезде, тұтынушылар аз көлемдегі ақпаратты қабылдайды (мысалы, телеметрия, биржалық кодтау және т.б.). Олар өздерінің ақпараттың қысқа қорабын қабылдайды, кейін каналды базалық станциядан босатады. Сөйтіп, активті тұтынушылар саны (60) шынымен байланыс сеансында отырғандардан аз болады (жүздеген).

60 активті тұтынушы секторда қуатты басқаруды, базалық станцияға қарай бағытталған (RPC) қуатты басқару биттерін пайдаланып жүзеге асырады. Әр активті абоненттік терминалға тұтынушылардың пакетіне қатысты базалық станциядан шығатын бағытта Уолш функциясы ретінде маркер қосылады. W64 код жүйесінің арқасында Уолштың 64 маркері белгілі. Олардың төртеуі басқа мақсаттар үшін қолданылады, базалық станцияға қарай берілетін 60 маркер қалады. Трафиктің қораптық табиғатын есептегенде, жүйе кез-келген уақыт мезетінде 60 – тан астам тұтынушыға қызмет көрсете алады. Тұтынушы бағытты активті пайдаланбаса, онда оның терминалы күту күйіне көшеді. Ол оны қайта пайдалана бастағанда терминалдың күйі автоматты түрде қалпына келеді.

Базалық станциядан шығатын бағыттағы арнаның құрылымы:

1xEVDO – ның базалық станциядан шығатын бағыттағы құрылымы берілген спектордағы берілгендердің тасымалдануының өтімділік қабілетін жоғарлататындай құрылған. Тиімділік нүктелерінде тасымал максималды қуатпен жүзеге асады және әр мезетте бір тұтынушыға қызмет көрсетіледі. Алдын-ала айқындалған уақыттық интервалдар болмайды.

CDMA2000 1xEVDO арнасының базалық станциядан шығатын бағыттағы құрылымы 2.4.3 суретте келтірілген. Базалық станциядан шығатын бағыттағы 1xEVDO физикалық радиоарнасы, уақытша бөлу арқылы пайда болған келесі логикалық арналардан тұрады:

- Сигнал – ұшқыш арнасы;
- ортаның жағдайымен сай базалық станциядан шығатын бағыттағы тиімділікті басқару арнасы (MAC);
- базалық станциядан шығатын бағыттағы трафик арнасы немесе басқару арнасы.

MAC арнасы екі арнадан тұрады: базалық станцияға бағытталған қуатты басқаратын арна (Reverse Power Control – RPC) мен базалық станцияға бағытталған активтілік арна (Reverse Activity – RA). RA арнасы актвтілік бит ағынын базалық станцияға бағытында тасымалдап отырады (Reverse Activity Bits – RAB). Басқару арнасында берілгендер 38,4 немесе 76,8 кбит/с жылдамдығымен беріледі. 38,4 кбит/с жылдамдығымен тасымалданатын басқару арнасының сигналы үшін модуляция сипаттамасы 38,4 кбит/с жылдамдығымен берілетін базалық станциядан бағытталған трафик арнасының өмлшемдерімен сәйкес келеді. 76,8 кбит/с жылдамдығымен берілетін басқару арнасының сигналы үшін модуляция сипаттамасы 38,4 кбит/с жылдамдығымен берілетін басқару арнасы сигналының сипаттамасындай, қорап сегіз слотпен жіберілетінін есептемегенде.

2.8 суретте базалық станциядан шығатын бағыттағы CDMA20001xEVDO арнасының құрылымы келтірілген.



2.8 сурет – Базалық станциядан шығатын бағыттағы CDMA20001xEVDO арнасының құрылымы

Базалық станциядан шығатын бағыттағы арна нөлдік ығысатын тізбектің псевдокездейсоқ теруі бар фазада ұзындығы 426,67 мс циклында анықталған. Цикл ішінде ұзындығы 1,67 мс, әрқайсысында 2048 чип бар 16 уақытша интервал(слот) болады. Әр цикл 8 слоттан тұратын екі жарты циклдік слоттан құрылған. Әрі қарай әр слот әрқайсысында сигнал-ұшқыш қорабы бар екі жарты слоттан тұрады.

Сигнал – ұшқыштың әр қорабы 64 чип ұзындығы бар және жарты слоттың ортасында орталықтандырылған. Әр слоттың ішінде сигнал – ұшқыш, МАС пен трафик немесе басқару арналары уақытша бөліктеумен жасалған(ТМ). Уақытша бөліктеумен жасалған барлық арналардың ортақ сигналы секторда максимал қуатпен беріледі. Уақытша интервал тұтынушының артынан алдын ала бекітілмейтінін ескеру қажет.

Осы бөлімде сипатталған берілгендерді тасымалдайтын жоғарғы жылдамдықты жүйесін енгізгеннен бері, CDMA2000 1xEVDO желілері көп жерлер үшін байланыс желілерінің ақпараттық қызметіне жоғары жылдамдықта қол жекізудің жалғыз көзі [1].

2.5 Таңдалған жүйенің сипаттамасы

2.5.1 CDMA 450 желісінің құрылымы.CDMA 450 стандарттағы 14 коммерциялық желі Ресей, Румыния, Беларусия, Чехия, Грузия, Өзбекстан, Латвия және т.б мемлекеттерде жұмыс істейді. Жақын арада жұмыс істейтін бірнеше желі іске қосылады. Қазір CDMA 450 стандартын 650.000 – ден астам абонент қолданып жүр. Көшбасшы компаниялар – жедел әрекетті терминалдар шығарушылары тұтынушы таңдауына қарай телефонның 15 моделін ұсынады. 1x EV – DO стандарттағы телефон сатылымға осы жылдың екінші квартылында шығады деп күтілуде. CDMA 450 стандарты жиіліктің 1,8 МГц сияқты жіңішке жолағына енгізіле алады. Оның артықшылығы – жиілікті

спектрдің эффектвті пайдаланылуы және берілгендерді жоғарғыжылдамдықта тасымалдау. Ал төменірек жиіліктік диапозонын қамту: 450 МГц диапозонында жұмыс істейтін ұялар, жоғарғыжиілікте жұмыс істейтін базалық станцияның қамту аймағын екі есе арттырады.

450 МГц диапозонындағы CDMA 2000 шешімі телекоммуникацияның әмбебап қызметтерін көрсетуінің негізі бола алады. Мысалы, тек қана дауыстың таралуы емес, Қазақстан бойынша ауылды аймақтарда берілгендердің таралуы. Бұндай жағдайда байланыс жай тиімді ғана болмайды, ол тұрғындарға мұндай қызмет көрсетілмеген территорияларда да тарайды.

CDMA 450 стандарты таңдау шешімі аз қоныстанған және қиын қол жететін аудандарға экономикалық тұрғыдан пайдалы және салтты сымды телефонияның альтернативасы болып табылады. "Telecom Service" компаниясы CDMA 450 технологиясын пайдаланған кезде Қазақстанның түпкір-түпкірін сапалы байланыспен қамти алатын болады. Бұл шешім оператор мен оның абоненттеріне CDMA 2000 технологиясының артықшылықтарын ұсынып тұр, нақтырақ: үшінші ұрпақтың жаңа қызметтерін енгізуге мүмкіндік беріп отыр. Мысалы, (LBS) абонентінің орнын анықтау. Дәл осындай қызметті "Telecom Service" операторы өз желісіне енгізуде. Сонымен қатар мультимедиялық, оператор желісінде Push – to – Talkтм технологиясымен (телефонды рация ретінде пайдалану"бас – сөйле" режимі) жұмыс істейтін қызметтері енгізілуде. CDMA 450 – әр түрлі желілік қажеттілік үшін нағыз шешім. Телекоммуникацияның әмбебап қызметтерінің концепциясы орныққан баға деңгейі мен сапасымен, берілген уақытта, кез – келген елді мекенде тұтынушыға қызмет көрсетуді болжайды. CDMA 2000 стандартының берілгендерді жоғарғы жылдамдықта тарату мүмкіндіктері операорлар үшін 450 МГц диапозонында қызуғышылық тудырып, кең жолақты DSL – қолжетушілікке альтернатива болып табылады.

CDMA 450 кабель жүргізу қызметі қымбат болып келетін, алыс орналасқан аудандарда қоныстанушылардың ақпаратқа қолжеткізуін (көбінесе, Интернет арқылы)тиімдірек етеді. TETRA секілді арнайы жүйелер немесе диспетчерлік байланыс жүйелері үшін CDMA 450 жүйесін пайдалану тиімді Push-to-Talkтм функциясын CDMA 450 жүйесінің жоғарғы жылдамдықты қолжеткізушілігімен үйлесімді пайдалану CDMA 450 мен полиция, жедел жәрдем, өрт сөндіру қызметтерінің жұмыстарын сапалы және тез шешеді. CDMA 2000 технологиясын 450 МГц диапозонында пайдалану, Қазақстандағы "электронды басқару" жүйесінің жасалуын жеңілдетеді.

Мобильдік телекоммуникациялық CDMA450 жүйесі базалық станциялар жүйесі (BSS) мен коммутация жүйесінен (NSS) тұрады. BSS Қабылдап-Тасымалдайтын Базалық Станция (BTS), Базалық Станция Бақылаушысы (BSC) мен Қорапты Басқару Функциясынан тұрады (PCF), NSS десте желі мен арналар коммутациясы облыстарынан тұрады. Десте облыс құрылғысы Интернетпен байланысып жұмыс істейді, арналар коммутациясы облысы PLMN мен СТОП/ISDN мобильді желісімен байланысып жұмыс

істейді. Эксплуатация мен техникалық қамтамсыз ету жүйесі мобильді интегралданған басқару жүйесі арқылы жүзеге асады. CDMA 450 желілік құрылымы 2.9 суретінде көсетілген.

NSS жүйесі негізінен коммутация функциясын атқарады және абоненттерді, мобильдікті, қауіпсіздікті басқаратын керекті берілгендер базасымен қамтамасыз етеді. In the network.

NSS жүйесі MSC/VLR/SSP, HLR/AC және PDSN – нан тұрады. MSC, VLR мен SSP MSC/VLR/SSP деп аталатын бір физикалық блокқа біріктірілген. CDMA450 желісінің BSS жүйесі BTS, BSC – тен тұрады және ол жүйенің радиоинтерфейсіне толық жауап береді. BTS BSC – мен басқарылады және ол барлық ұялы құрылғысы үшін жиілікті реттеу қызметін көрсетеді. BTS пен BSC Abis интерфейсі арқылы байланысады және MS – пен Um интерфейсі арқылы байланысады. Ол радио қорларды, радио параметрлерді, радио тасымалды және желі параметрлерін басқаруды қамтамасыз етеді. BSC – тың негізгі функциялары: BTS – ті басқару мен қадағалау, шақырысты қосу немесе ажыратуды басқару, жұмсақ/қатты хэндовер, қуатты радио қорларды басқару. BSS Қабылдап – Тасымалдайтын Базалық Станция (BTS), Базалық Станция Бақылаушысы (BSC) мен Қорапты Басқару Функциясынан тұрады (PCF), NSS десте желі мен арналар коммутациясы облыстарынан тұрады.



2.9 сурет – CDMA 450 желілік құрылымы

MS: Мобильдік станция	BTS: Базалық станция
BSC:Базалық Станцияның Бақылаушысы	ISDN: Интеграцияланған Сервистік деректер желісі
PLMN:Жалпы Мобильдік желі	PSTN: Жалпы пайдаланудың Телефон желісі
PCF:ДестеБақыл-аудыңФункциясы	Softsite: Soft Site
NSS: Коммутацияның ішкі жүйесі	CN: Тіректі желі
Internet: Интернет	

Базалық желінің берілгендер жүйесінің қорабы қарапайым IP (SIP) хаттаман 2.11 суретте көрсетілгендей пайдаланады. Берілгендерді тасымалдаудың қораптық желісі PCF, PDSN, AAA мен маршрутизаторды қосып алады. PCF BSC-пен радиотиімділік каналын қадағалаумен байланысты қораптық берлгендерді тасымалдау үшін байланысады. PDSN абоненттің берілгендерін тасымалдап байланысты басқару қызметін атқарады. PCF BSC-та интергалданған. AAA аутентификация, қызмет көрету парағы және т.б. тұратын абоненттік басқаруға жауап береді. AAA-ны RADIUS сервер деп те атайды. Маршрутизатор брандмауэрдің IP NAT функциясын көрсетеді.



2.10 сурет – Тірек желінің құрылымы



2.11 сурет – Деректерді таратуда дестелі желінің құрылымы

2.5.3 Базалық станция cBTS3612.cBTS3612 мобильді коммутациялық CDMA 450 Huawei жүйесінің базалық станциялар Қадағалаушысы(BSC) мен Мобильді станция (MS) арасында орналасқан.

BSC қадағалаушысының бақылауымен cBTS3612 бір сотаға немесе бірнеше логикалық секторға қызмет көрсетеді. BSC-пен Abis интерфейсі арқылы байланысып, BSC-ке радио қорларды, радио параметрлерді және интерфейсті басқаруға көмектеседі. Бақылаумен байланысты функциялар секілді BTS пен MS арасындағы радиотасымалды Um интерфейсі арқылы жүзеге асырады. cBTS3612 базалық станциясы 2.12 суретте көрсетілгендей негізінен басқару жүйесінен, радиожиіліктің ішкі жүйесінен, антенна-фидерлік және қоректендіру жүйесінен тұрады.

1) Синхрондау модулі (BTS Control and Clock Module (BCKM))

BCKM синхрондау модулі GLONASS сигналдарын жібереді (немесе басқа да синхронды спутникалық сигналдарын) және түрлі синхронды сигналдар жүйелерін жабдықтау үшін жергілікті синхрондауды өндіреді. BCKM негізгі процессорлық блогы пайдалану және техникалық қызмет көрсету, бағдарламалық кернеуді қамту, сигналдауды жетілдіру, сипаттамаға бақылау, пішіндемелерді басқару, жабдықтарды және ресурстарды басқаруды қосқанда арналық ресурстарды бақылауға жауап береді. Бұдан басқа, ол қоршаған орта мониторингі интерфейсі техникалық қызмет көрсетудің жергілікті және жойылған техникалық қызмет көрсетудің интерфейсі сияқты көптеген басқа да сыртқы интерфейстерді ұсынады.

2) Ресурстарды тарату модулі (BTS Resource Distribution Module (BRDM));

BRDM радиожиіліктің ішкі жүйесіндегі арнаны басқару (Channel Processing Module (BCPM)) және қабылдап тарату модулдері (Transceiver Module (BTRM)) арасында табылады және олардың арасында сигналдарды

таратуды жүзеге асырады. BRDM әрбір BCPM үшін жүйелі құрылымында орнатылады. Арналық ресурстар әрбір тасушы секторлар үшін арналық сигналдардың иілгіш пішіні және олардың мүмкіндіктерінің жақсаруы үшін осы жүйелі құрылым арқылы басқарылады.

3) Арналық басқару модулі (BTS Channel Processing Module (BCPM))

BCPM басқарушы сигналдарды өңдейді. Тікелей бағытта ол кодта, кеңейту, модуляция, мәліметтерді мультиплексерлеу және т.б. жүзеге асырады. Ал кері бағытта ол демультиплексерлеу, демодуляция, декодтауды жүзеге асырады.

4) Интерфейстерді бақылау модулі (BTS Control Interface Module (BCIM));

BCIM сервис, сигналдау, пайдалану және техникалық қызмет көрсетуді қосқанда, BTS және BSC арасындағы мәліметтерді таратуға жол береді. Ол ATM (IMA) технологияда инверсионды мультиплексерлеу (Inverse Multiplexing) арқылы E1 кадры мен ATM соты арасындағы түрленуді басқарады. Негізінен RF ішкі жүйесі радиожиіліктік сигналдарды таратады және күшейтеді, сондай-ақ басқарушы сигналдарды түрлендіреді.

cBSC6600 базалық станцияларының қадағалаушысы :

cBSC6600 интерфейсі 2.13 суретінде көрсетілген BSC BTS-пен Abis интерфейсі, MSC-пен A1/A2 интерфейсі және PCF-пен A8/A9 интерфейсі арқылы байланысқан. Әртүрлі BSC-тер өзара A3/A7 интерфейсі бойынша байланысқан. PCF PDSN-ке A10/A11 интерфейсі арқылы байланысқан.

Airbridge cBSC6600 жүйесі сегіз функционалдық модулге бөлінеді, негізгі өңдеу модулі, дауысты өңдеу, берілгендерді өңдеу, жерсеріктік синхрондау қабылдағышы, қорлардың басқарылуы, жүйені жалпы басқару және коммутацияның орталық модулі. Олардың өзара байланысы 2.14 суретінде көрсетілген.

cMSC мобилдік коммутацияның орталығы:

MSC (мобилдік коммутацияның орталығы) мобилдік коммутация желісінің ядросы болғандықтан шақырудың орнатылуына, бағыттың таңдалынуына, шақырылудың басқарылуына, радиоқорлардың үлестірілуіне, қозғалғыштықтың басқарылуына, күйдің тіркелуіне және хэндоверге жауапты. Билинг үшін ақпаратты генерациялайды, өзі мен PSTN арасындағы қызметтерді координациялайды және SS7 мен желі арасындағы интерфейсті қамтамасыз етеді.

2.12 суретте cBTS3612 базалық станциясының архитектурасы көрсетілген.



2.12 сурет – cBTS3612 базалық станциясының архитектурасы



2.13 сурет – cBSC6600 базалық станциясының ішкі интерфейсі



2.14 сурет – cBSC6600 базалық станциясының контроллері

Берілгендер секілді қонақтық регистр (VLR) берілген MSC территориясының роумингіндегі тұтынушылар туралы уақытша ақпаратты (байланысты орнатуға керекті барлық берілгендер) сақтайды . Ол MSC құрамына кіреді.

SSP (қызметті коммутациялау орны) керекті қызметтің IN-ін анықтап, SCP – мен байланыстырады. M800 CDMA MSC ішінде ол MSC/VLR құрамына кіреді. M800 cMSC құрылғысының логикалық архитектурасы 2.15 суретінде көрсетілген.

CNET (Central NET): Сыйымдылығы128k таймслотқа дейін, бұл NET коммутация функциясын атқарады. Оның сыйымдылығы 16k қадамымен 16k – 128k аралығында ақырын өзгертіле алады. Әртүрлі конфигурациялары бар.



2.15 сурет – M800 cMSC құрылғысының логикалық архитектурасы

CPM (Өңдеудің орталық модулі): Глобалды берілгендердің сақталуы мен өңделуіне жауапты.

CKM (Синхрондау модулі): Желінің жоғарғы деңгейіндегі жүйенің синхрондалуына жауап береді және жүйедегі барлық модулдердің синхрондалуын қамтамасыз етеді.

CCM (Байланыстарды басқару модулі): MSC-ге модулдер арасындағы берілгендердің таратылуына жауап береді.

SPM (Қызметтердің басқару модулі):Қызметтердің толық өңделуі мен SS7/PRA байланысты қамтамасыз етеді.

SRM (Ортақ қорлар модулі): SPD, MFC, CC және SIG бөлінетін қорларға қолжетушілікті көрсетеді.

LIM (интерфейс модулі): Ең бастысы-сервистік берілгендердің толтырылуы мен сервситің сигналдық берілгендерінің фрагментациясына жауап береді. Сонымен қатар MSC-тің басқа желілік құрылғылармен байланысы үшін берілгендер тасымалы интерфейсін қамтамасыз етеді.

BAM: O&M мен MSC-нің қауіпті функциялары үшін жауапты, терминалмен байланысу үшін желілік интерфейс пен алыстағы\орталықтандырылған қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

iGWB: Биллингтік ақпараттың қабылдануы мен сақталуына және Биллингтік Орталықпен байланыстың қамтамасыз етілуіне жауапты модуль.

VLR: GSPC платасы арқылы қамтамасыз етілетін SPM-мен логикалық бірлік. Ұялы абоненттің берілгендерін әр түрлі сервистер үшін MSC/VLR шекарасында сақтайды [11].

ALM: Қауіп модулі қауіпті хабарландырулардың берілуін қамтамасыз етеді.

WS: 10M желілік бейімдеушісі арқылы BAM-мен байланысқан PC жұмыс станциясы. Тұтынушы үшін O&M қамтамасыз етіп, енгізу/шығару құрылғысының рөлін атқарады.

2.6 CDMA – 450 келешегі

450 МГц диапозоны мен технологияның жаңа функционалдық мүмкіндіктерінің ерекшеліктерінен көптеген мемлекеттердің байланыс операторлары мен администрлары CDMA – 450 – ді байланыс құрал-жабдығы мен Интернетке жоғарғыжиілікті қолжеткізетін құрылғы ретінде қарастырады.

450 МГц диапазонында жұмыс істейтін IMT – MC – 450 жүйесінде төменгі жиілікті, кеңжолақты кеңістікте жақсы таралатын және CDMA – 450 негізгі станцияларына 800-900 МГц диапазонында жұмыс істейтін станцияларға қарағанда қамту аймағын екі есе арттыратын сигнал пайдаланылады. Бұл ерекшелік операторға аз қоныстанған үлкен территорияны жақсы қамтуға және базалық станциялардың жалпы санын азайту арқылы желілік инфраструктураға қаржы керек етеді [13]. Кең қамту аймағында шағылатын қуат пен шу деңгейінің біруақытта кемуі кезінде дауыстың жоғарғы сапасын(дауысты тарату кезінде CDMA параметрлерінің сапа сипаттамасы өткізу арналарының сапасымен теңбе-тең); технологияның экологиялық тазалығын(шығу қуатының мәні қазір пайдаланып жүрген стандарттардікінен әлдеқайда аз); қауіпсіздіктің жоғарғы деңгейін; берілгендерді жоғарғы жылдамдықта тасымалдауға негізделген көптеген жаңа қызмет түрлерін көрсету мүмкіндіктерін ерекше атап өту маңызды.

CDMA 450 құрылғысын пайдаланған CDMA технологиясының жоғарыда айтылған артықшылықтарын ескеріліп, осы технология таңдалып отыр және оның болжанған байланыс сызбасы 2.16 суретінде көрсетілнген.



2.16 сурет – Қармақшы ауданында WLL CDMA абонентік радиоқатынауды қолданып ұйымдастырылған жобалау байланыс сұлбасы

3 ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫСТЫҢ БАЗАЛЫҚ СТАНЦИЯСЫНЫҢ ӨТУ АЙМАҒЫНЫҢ ЕСЕБІ

3.1 Тікелей жалғау

Синхронизация арнасы, трафик арнасы, ұшқыш арнасы, шақыруды іздеу арнасы үшін сигнал шуыл қатынасын эффективті есептеуде алдымен қабылданған сигнал қуатын және әрбір арна бойынша қабылданған интерференцияны табу қажет. Төменде келтірілген есептер арнаның тікелей байланысын талдауға көмектеседі.

Торап көрсеткішінің есебі үшін техникалық мәліметтер.

3.1 және 3.2 кестелерде есептеу бөлімі үшін талап етілген жабдықтың негізгі көрсеткіштері келтірілген:

3.1 кесте – Өту аймағын есептеу үшін мәліметтер

Көрсеткіш	Аймақ үшін мағынасы	
	Мадениет	Жалағаш
БС кабеліндегі шығындар L_m, *дБ*	0	0
ЦС фидеріндегі шығындар L_b, *дБ*	3	3
БС антеннасын бағдарлаудағы шығындар L_p, *дБ*	3	3
БС антеннасының күшейту коэффициенті G_m, *дБ*	1	1
Орындалуына жол беру L_c, *дБ*	2	2
ЦС антеннасының күшейту коэффициенті G_t, *дБ*	8	8
ЦС орталық жиілік f_o, *МГц*	450	450
ЦС салпыншақ антенна биіктігі h_b, *м*	40	55
БС салпыншақ антенна биіктігі h_m, *м*	1,6	1,6
Сигнал шуға талап етілген қатынас E_b/N_o, *дБ*	7	7
Қабылдағыштың сезімталдығы E_b, *дБ*	-125	-125
БС қуаты P_m, *дБ*	1,7	1,7
ЦС қуаты P_b, *дБ*	40	40
Синхрондау арнасының қуаты P_s, *дБ*	55	55
Ұшу арнасының қуаты P_p, *дБ*	55	55
Іздеу арнасының қуаты P_{pg}, *дБ*	55	55
БС антеннасынан берілетін ЭМИ барлық арналар трафигі P_t, *дБ*	50	50
Күшейткіш шығысындағы барлық арналардың толық қуаты P_a, *дБ*	55	55

3.2 кесте - РРЖ өткінін есептеу үшін мәліметер

Көрсеткіш	Өткін мағынасы		
	Ақсу – Жалағаш	Жалағаш – Мадение	Ақсу – Мадениет
РРЖ өткін ұзындығы $R_o, км$	15	25	6
Рельефтің төбелік биіктігіне дейінгі аралық $R1, км$	18	12	15
Кедергі ені $r, м$	400	300	300
РРЖ жиілігі $f_o, МГц$	5,6	5,5	5,5
	5,9	5,8	5,8
Антеннаны күшейту коэффициенті $G_{прд}, дБ$	40	40	40
	40	40	40
Жүйе коэффициенті $SG, дБ$	112	112	112
КПД антенно-фидерлі жол $\eta, дБ$	1,5	1,5	1,5
Өткін пішіні $MN, м$	728	700	557
	714	618	618
	739	714	552

Трафик арнасының сәулеленуінің тиімді қуаты

Трафик арнасының сәулеленуінің тиімді қуаты p_t, дБм, формула бойынша есептелінеді:

$$p_t = \frac{P_t}{N_t C_f} \tag{3.1}$$

немесе

$$p_t = P_t - 10\lg N_t - 10\lg C_f, \tag{3.2}$$

мұндағы P_t – базалық станцияның беру антенналарынан барлық трафик арна ЭМИ, дБм;

N_t – бір сотыны қамтудағы трафикті арна саны;

C_f – сөздің белсенділігінің коэффициенті;

$$p_t = 50 - 10(\lg 30 - \lg 35) = 50 - 14{,}77 - 15{,}44 = 19{,}79, \text{ дБ}$$

Бір абонентке келетін қуаттылық $p_u, дБ$ формула бойынша есептелінеді:

$$p_u = p_t - G_t - L_c \qquad (3.3)$$

мұндағы G_b – орталық станса антенналарынан берілетін күшейту коэффициенті, дБ;

L_c – базалық станса фидеріндегі шығындар, дБ;

$$G_b = 10 \cdot \lg(P_b) + G_t \qquad (3.4)$$

мұндағы G_t - антеннаның күшейту коэффициенті, дБ;

P_b - орталық стансаның қуаты, Вт;

$$G_b = 10 \cdot \log(P_b) + G_t = 10 \cdot \log(40) + 8 = 24{,}02$$
$$p_u = p_t - G_t - L = 19{,}79 - 24{,}02 - 2 = -6{,}25$$

Ықшам станциядан қабылданған толық қуат p_m, дБм, формуладан алынады:

$$p_m = G_b + L_c + A_1 + G_m + L_m \qquad (3.5)$$

мұндағы L_c – ықшам және базалық станция жолындағы орта шығындар, дБ;

A_1 – жұмсалған шығындар $A_1 = -6{,}2$, дБ;

G_m – ықшам стансадағы антеннаның күшейту коэффициенті дБ;

L_m – ықшам станса кабеліндегі шығындар, дБ;

$$p_m = G_b + L_c + A_1 + G_m + L_m = 24{,}02 + 2 - 6{,}2 + 1 + 0 = 20{,}82$$

Арна трафигіндегі қабылданған қуат

Арна трафигіндегі қабылданған қуат p_{tr}, дБм, формула бойынша есептелінеді:

$$p_{tr} = p_t + L_c + A_1 + G_m + L_m \qquad (3.6)$$

бұл жерде p_t - БС берілетін антеннадағы ЭМИ барлық арналардың трафигі, дБ;

$$p_{tr} = p_t + L_c + A_1 + G_m + L_m = 50 + 2 - 6{,}2 + 1 + 0 = 46{,}8$$

Ұшқыш арнасындағы қабылданған қуат

Ұшқыш арнасындағы қабылданған қуат p_{pr}, дБм, формула бойынша анықталады:

$$p_{pr} = P_p + L_c + A_1 + G_m + L_m \tag{3.7}$$

мұндағы P_p - ұшқыш арнасының қуаты, дБ;

$$p_{pr} = P_p + L_c + A_1 + G_m + L_m = 55 + 2 - 6{,}2 + 1 + 0 = 51{,}8$$

Іздеу арнасының қабылданған қуаты.

$$p_{pgr} = P_{pg} + L_p + A_1 + G_m + L_m \tag{3.8}$$

мұндағы P_{pg} - іздеу арнасының қуаты, дБ;

$$p_{pgr} = P_{pg} + L_p + A_1 + G_m + L_m = 55 + 2 - 6{,}2 + 1 + 0 = 51{,}8$$

Синхрондау арнасының қабылданған қуаты p_{pgr}, дБ формула бойынша анықталады:

$$p_{sr} = P_s + L_p + A_1 + G_m + L_m = 55 + 2 - 6{,}2 + 1 + 0 = 51{,}8$$

Трафиктік арнасындағы басқа тұтынушыдан интерференция.

$$I_{ut} = 10 \cdot \log\left(10^{0,1 \cdot P_m} - 10^{0,1 \cdot P_{tr}}\right) - 10 \cdot \log\left(B_w\right) \tag{3.9}$$

мұндағы B_w - арна ені,

$$B_w = 1{,}25 \cdot 10^6 \text{, Гц;}$$
$$I_{ut} = 10 \cdot \lg\left(10^{0,1 \cdot 20,82} - 10^{0,1 \cdot 46,8}\right) - 10 \cdot \lg\left(1{,}25 \cdot 10^6\right) = 6{,}651$$

Трафиктік арнасында басқа да базалық стансалардан құрылатын интерференциясы,

$$I_{ct} = I_{ut} + 10 \cdot \log\left[\frac{1}{f_r} - 1\right] \tag{3.10}$$

мұндағы I_{ct} – трафик арнада басқа да стансалардан құрылатын интерференция тығыздығы, (дБ/Гц)

f_r – жиілікті пайдалану коэффициенті (f_r – 0.65).

$$I_{ct} = 6{,}651 + 10 \cdot \log\left[\frac{1}{0{,}65} - 1\right] = 3{,}963(дБ / Гц)$$

Трафиктік арна үшін интерференция тығыздығы.

$$I_t = 10 \cdot \log\left[10^{0.1 \cdot I_{ut}} + 10^{0.1 \cdot I_{ct}}\right] \qquad (3.11)$$

мұндағы I_t - трафиктік арнаның интерференция тығыздығы, (дБм/Гц).

$$I_t = 10 \cdot \log\left[10^{0.1 \cdot 6{,}651} + 10^{0.1 \cdot 3{,}963}\right] = 8{,}522(дБм / Гц)$$

Ұшқыш арнада басқа да базалық стансалардан құрылатын интерференция

$$I_{cp} = I_{up} + 10 \cdot \log\left(\frac{1}{f_r} - 1\right) \qquad (3.12)$$

мұндағы I_{cp} – ұшқыш арнада басқа да базалық стансалардан құрылатын интерференция тығыздығы, (дБм/Гц)

$$I_{cp} = -40{,}149 + 10 \cdot \log\left(\frac{1}{0{,}65} - 1\right) = -42{,}847(дБм / Гц)$$

Ұшқыш арна үшін интерференция тығыздылығы

$$I_p = 10 \cdot \log\left(10^{0{,}1 \cdot I_{up}} + 10^{0.1 \cdot I_{cp}}\right) \qquad (3.13)$$

мұндағы I_p – ұшқыш арна үшін интерференция тығыздылығы, (дБм/Гц)

$$I_p = 10 \cdot \log\left(10^{0{,}1 \cdot (-40{,}149)} + 10^{0.1 \cdot (-42{,}847)}\right) = -38{,}281(дБм / Гц)$$

Іздеу арнасындағы басқа абоненттердің интерфейсі

$$I_{upg} = 10 \cdot \log\left(10^{0{,}1 \cdot p_m} - 10^{0.1 \cdot P_{рюк}}\right) - 10 \cdot \log(B_w) \qquad (3.14)$$

мұндағы I_{upg} – іздеу арнасындағы басқа абоненттердің интерфейс тығыздылығы, (дБм/Гц)

$$I_{upg} = 10 \cdot \log\left(10^{0{,}1 \cdot 57{,}9} - 10^{0.1 \cdot 51{,}8}\right) - 10 \cdot \log\left(1{,}25 \cdot 10^6\right) = -4{,}292(дБм / Гц)$$

Іздеу арнасындағы басқа да базалық стансалардан құрылатын интерференция.

$$I_{cpg}=I_{upg}+10\cdot\log\left(\frac{1}{f_r}-1\right) \tag{3.15}$$

мұндағы I_{cpg} – іздеу арнасындағы басқа да базалық стансалардан құрылатын интерференция тығыздылығы, (дБм/Гц)

$$I_{cpg}=-4.292+10\cdot\log\left(\frac{1}{0.65}-1\right)=-6.98(дБм/Гц)$$

Іздеу арнасы үшін интерференция тығыздылығы:

$$I_{pg}=10\cdot\log\left(10^{0,1\cdot I_{upg}}+10^{0.1\cdot I_{cpg}}\right) \tag{3.16}$$

мұндағы I_{pg} – іздеу арнасы үшін интерференция тығыздылығы, (дБм/Гц)

$$I_{pg}=10\cdot\log\left(10^{0,1\cdot(-4,292)}+10^{0.1\cdot(-6,98)}\right)=-2,421$$

Синхрондау арнасындағы басқа абоненттердің интерференциясы

$$I_{us}=10\cdot\log\left(10^{0,1\cdot p_m}-10^{0.1\cdot P_{sr}}\right)-10\cdot\log(B_w) \tag{3.17}$$

бұл жерде I_{uc} – синхрондау арнасындағы басқа абоненттердің интерференция тығыздылығы, (дБм/Гц)

$$I_{us}=10\cdot\log\left(10^{0,1\cdot 57,9}-10^{0.1\cdot 51,8}\right)-10\cdot\log\left(1,25\cdot 10^{6}\right)=-4,292$$

Синхрондау арнасындағы басқа да базалық стансалардан құрылған интерференция

$$I_{cs}=I_{us}+10\cdot\log\left(\frac{1}{f_r}-1\right) \tag{3.18}$$

мұндағы I_{cs} – синхрондау арнасындағы басқа да базалық стансалардан құрылған интерференция тығыздылығы, (дБм/Гц)

$$I_{cs}=-4,292+10\cdot\log\left(\frac{1}{0,65}-1\right)=-6,98(дБм/Гц)$$

Синхрондау арнасы үшін интерференция тығыздылығы

$$I_s = 10 \cdot \log\left(10^{0,1 \cdot I_{us}} + 10^{0.1 \cdot I_{cs}}\right) \quad (3.19)$$

мұндағы I_s – синхрондау арнасы үшін интерференция тығыздылығы

$$I_s = 10 \cdot \log\left(10^{0,1 \cdot (-4.292)} + 10^{0.1 \cdot (-6.98)}\right) = -2.421 (дБм / Гц)$$

Температуралық шу

$$N_0 = 10 \cdot \log\left(290 \cdot 1.38 \cdot 10^{-23}\right) + N_f + 30 \quad (3.20)$$

бұл жерде N_0 – температуралық шу тығыздылығы, (дБм/Гц)
N_f – ықшам станса қабылдағышындағы шудың мағынасы,N_f=8(дБ)

$$N_0 = 10 \cdot \log\left(290 \cdot 1.38 \cdot 10^{-23}\right) + 8 + 30 = -165,977 (дБм / Гц)$$

Трафик арнадағы сигнал/шу + интерференция қатынасы

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = p_{tr} - 10\log(b_{rt}) - 10\log[10^{0.1 I_t} + 10^{0.1 N_0}] \quad (3.21)$$

мұндағы p_{tr} – арнадағы мәліметтерді тарату жылдамдығы, (бит/с) P_{rt}=9600

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = 46,8 - 10\log(9600) - 10\log[10^{0.1 \cdot 8,522} + 10^{0.1 \cdot (-165,977)}] = -1,545 (дБ)$$

Ұшқыш арнадағы сигнал/шу + интерференция қатынасы

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = p_{pr} - 10\log(b_{rt}) - 10\log[10^{0.1 I_t} + 10^{0.1 N_0}] \quad (3.22)$$

мұндағы p_{pr} – ұшқыш арнадан қабылданған қуат

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = 51,8 - 10\log(9600) - 10\log[10^{0.1 \cdot 8,522} + 10^{0.1 \cdot (-165,977)}] = 3,455 (дБ)$$

Іздеу арнасындағы сигнал/шу + интерференция қатынасы

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = p_{pgr} - 10\log(b_{rpg}) - 10\log[10^{0.1 I_{pg}} + 10^{0.1 N_0}] \quad (3.23)$$

мұндағы p_{pgr} – іздеу арнасындағы қабылданған қуат

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = 51{,}8 - 10\log(9600) - 10\log[10^{0.1\cdot(-2{,}421)} + 10^{0.1\cdot(-165{,}977)}] = 14{,}398(\partial Б)$$

Синхрондау арнасындағы сигнал/шу + интерференция қатынасы

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = p_{sr} - 10\log(b_{rs}) - 10\log[10^{0.1Is} + 10^{0.1N_0}] \qquad (3.24)$$

мұндағы p_{sr} – ықшам стансада қабылданған синхрондау арнасының қуаты

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = 51{,}8 - 10\log(9600) - 10\log[10^{0.1\cdot(-2{,}421)} + 10^{0.1\cdot(-165{,}977)}] = 14{,}398$$

Кері жалғау

Ықшам стансаның күшейту қуаты

$$p_{ma} = p_{me} - G_m - L_m \qquad (3.25)$$

мұндағы p_{ma} – күшейткіш шығысындағы шығыс қуаты, (дБм)
p_{me} – ықшам стансаның толық сәулелену қуаты, (дБм)
G_m – ықшам станса антенна күшейту коэффициенті, (дБ)
L_m – ықшам станса кабеліндегі сөну, (дБ)

$$p_{ma} = 1{,}7 - 1 - 0 = 0{,}7(\partial Бм)$$

Базалық стансаның бір абонентінен қабылданған қуат

$$p_{cu} = p_{me} + L_p + A_1 + G_t + L_t \qquad (3.26)$$

мұндағы p_{cu} – ықшам стансадан трафик арнасы бойынша базалық стансада қабылданған қуат, (дБм)
Lp – ықшам және базалық стансалар арасындағы орта шығындар, (дБ)
A_1 – жіберілген шығындар, (дБ).
G_t – базалық станса антенна күшейту коэффициенті, (дБ).
L_t – базалық станса кабеліндегі шығындар, (дБ). L_t=3

$$p_{cu} = 1{,}7 + 3 - 6{,}2 + 8 - 3 = 3{,}5(\partial Бм)$$

Берілген базалық стансада басқа да абоненттерден құрылатын интерференция тығыздылығы

$$I_{utr} = p_{cu} + 10 \cdot \log(N_t - 1) + 10 \cdot \log(C_a) - 10 \cdot \log(B_w) \qquad (3.27)$$

мұндағы I_{tr} – басқа ықшам стансалардан құрылған интерференция тығыздылығы, (дБм/Гц)

C_a – сөздің белсенділігі коэффициенті, C_a=0,35

N_t – бір базалық стансаға ие трафик арналар саны

$$I_{utr} = 3{,}5 + 10 \cdot \log(30 - 1) + 10 \cdot \log(0{,}35) - 10 \cdot \log(1{,}25 \cdot 10^6) = 74{,}534(дБм/Гц)$$

Басқа базалық стансада басқада абоненттерден құрылатын интерференция тығыздылығы

$$I_{ctr} = I_{utr} + 10\log\left[\frac{1}{f_r} - 1\right] \qquad (3.28)$$

мұндағы I_{ctr} – базалық стансаның ықшам стансадан интерференция тығыздылығы

$$I_{ctr} = 74{,}534 + 10\log\left[\frac{1}{0{,}65} - 1\right] = 71{,}846(дБм/Гц)$$

Температуралық шу тығыздылығы

$$N_0 = 10\log(290 \cdot 1.38 \cdot 10^{-23}) + N_f + 30 \qquad (3.29)$$

мұндағы N_0 – температуралық шу тығыздылығы, (дБм/Гц);

N_f – ықшам станса қабылдағышындағы шу мағынасы, N_f =8 (дБ).

$N_0 = 10\log(290 \cdot 1.38 \cdot 10^{-23}) + 8 + 30 = -165{,}98$ (дБм/Гц)

Трафик арнадағы сигнал/шу + интерференция қатынастары

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = P_{cu} - 10\log b_{rr} - 10\log[10^{0.1 I_{tr}} + 10^{0.1 N_0}], \qquad (3.30)$$

мұндағы b_{rr} – кері жалғаудағы трафик арнаның мәліметтерді тарату жылдамдығы, (бит/с).

$$\frac{E_b}{N_0 + I_t} = 3{,}5 - 10\log(9600) - 10\log[10^{0.1 \cdot 76{,}405} + 10^{0.1(-165{,}98)}] = -112{,}728 \ дБ$$

Базалық станция сыймдылығын талдау

CDMA бірнеше станция сыйымдылықтармен көбейту атрибуттарына ие:

1. Сөздің белсенділік есебі. Абоненттердің толық сөйлеген уақытынан әдеттегі сөздің орташа белсенділігі 35% құрайды. Ал қалған уақытта абонент кірісінен тыңдаған уақыт барысындағы үзілістер иелейді. CDMA барлық абоненттер бір радиоарнаға ие. Сондықтан, олардың қайсыбірі сөйлемесе, бөгеуілдер азаяды. Сонымен, сөздің белсенділігін қысқартуды арна сиымдылығын үш есе көбейтуге жол беретін ішінара бөгеуілдер азайтады. CDMA – бұл құбылыспен ерекшеленетін, тек жалғыз технология.

2. Секторлық антеннаны пайдаланып арналық сыймыдылықты арттыру. FDMA және TDMA әрбір соты интерференциялық бөгеуіл ықпалында секторларға бөлінеді. Арналардан бөлінген транкингті тиімділік нәтижесінде әрбір сотыдағы нашарлайды.

3. Басқада жүйелер арасында CDMA өзінің артықшылықтары мен барлық сот спектрлерінен толығымен көпмәртелік пайдалана алады.

Егер абоненттер саны N тең болса, базалық станса бізге керек C қуатымен N-1 интерференциялы сигналдарынан тұратын сигналдарды қабылдайды. Осыдан тасушының интерференцияға қатынасын төмендегі теңдеу түрінде қарастырамыз:

$$\frac{C}{I} = \frac{C}{(N-1)C} = \frac{1}{N-1}, \qquad (3.31)$$

мұндағы C – керекті сигналдың қуат деңгейі

I – интерференция қуатының деңгейі

(3.31) формуладан анықтауға болады,

$$N = \frac{1}{C/I} + 1 \qquad (3.32)$$

CDMA жүйесіндегі FDMA және TDMA жүйелерінен бізді C/I қарағанда E_b/N_0 қатынастары қызықтырады.

Қарастыратын болсақ,

R – мәліметтерді тарату жылдамдығы (біздің жағдайда 9600 bps)

W – арна ені (1.25 MHz)

C/I және E_b/N_0 қатынастары:

$$\frac{C}{I} = \frac{R \cdot E_b}{W \cdot (N_0 + I_{tr})} \qquad (3.33)$$

3.32) және (3.33) көбейте отырып, аламыз,

$$N = \frac{W(N_0 + I_{tr})}{E_b \cdot R} + 1 \qquad (3.34)$$

(3.34) теңдеуінен CDMA жүйесіндегі абоненттердің төбелік санын анықтаймыз.

$$N = \frac{W(N_0 + I_{tr})}{E_b \cdot R} \cdot \frac{1}{VAF} + 1 \qquad (3.35)$$

Жиілікті қайталап қолданғанда

$$N = \frac{W(N_0 + I_{tr})}{E_b \cdot R} \cdot \frac{F}{VAF} + 1 \qquad (3.36)$$

Секторизациялағанда:

$$N = (\frac{W(N_0 + I_{tr})}{E_b \cdot R} \cdot \frac{F}{VAF} + 1)G \qquad (3.37)$$

(3.37) формуласы бір соты сыймыдылығын есептеудің соңғы формуласы болып т.абылады.

мұндағы F=0.65 – жиілікті көпмәртелік пайдаланудың тиімділігі;

VAF=0.35 – сөйлеу абонентінің орта белсенділігі;

G – 120° секторизация G=2.55 болғандағы 120° үшін секторизация коэффициенті.

$$N = \left[\frac{1.25 \cdot 10^6 (-165.97 + 76.405)}{9600 * (-125)} \cdot \frac{0.65}{0.35} + 1\right] \cdot 2.55 \approx 445$$

Аумақты өту есебі

Мадениет ауылы орталығындағы аумақты өту есебі

Аумақты өтуді сигнал деңгейін таратуға алып келген аралықты тауып есептеуге болады.

Нақты аймақ үшін радиожелі бюджетінің есебі L_{max} таратудағы келтірілген шығындар шамасын тапқанда жүргізіледі. Пропорционалды радиожелі ұзындығын таратуда, L_{max} мағынасы радиожелінің төбелік аралығы немесе басқаша аумақтың тиімді радиусы немесе белгілі бағыт секторын білдіреді. Шығындар үшін дБ – мен таралатын ара – қашықтық функциясы келесі:

$$L(d_{km}) = L_1 + 10\gamma \log_{10} d_{km}$$

мұндағы d_{km} – шақырымдағы аралық

$L_1 - d_{km} = 1$, дБ үшін шығындар мағынасы

γ – энергияны тарату заңы;

Соты жақтары $d_{km} = R_{km}$ және шығындар $L_{\max}$ тең болады. Сонымен, шақырымдағы қызмет көрсету аумағының радиусы үшін толық теңдеу:

$$L_{\max} = L(R_{km}) = L_1 + 10\gamma \log_{10} R_{km} \tag{3.38}$$

R_{km} салыстырмалы жалпы теңдеуді шешікенде, аламыз:

$$R_{km} = 10^{\frac{L_{\max} - L_1}{10\gamma}} \tag{3.39}$$

Ашық жерлер үшін шығынның эмпирикалық формуласы МСЭС(ITU – R) арқылы анықталған және келесідей түрде болады:

$$L_p = A + B \cdot \log(r) - D \tag{3.40}$$

мұндағы

$$A = 69{,}55 + 26{,}16 \cdot \log(f_o) - 13{,}83 \cdot \log(h_b) - a(h_m)$$
$$a(h_m) = [1{,}1 \cdot \log(f_o) - 0{,}7] \cdot h_m - [1{,}56 \cdot \log(f_o) - 0{,}8]$$
$$B = 44{,}9 - 6{,}55 \cdot \log(h_b)$$
$$D = 4{,}78 \cdot [\log(f_o)]^2 - 19{,}33 \cdot \log(f_o) + 40{,}94$$

f_o - тасушы радиожиілік, МГц;

h_b - ЦС салпыншақ антенна биіктігі, м;

h_m - БС салпыншақ антенна биіктігі, м;

$f_o = 450$ (МГц) орталық жиілік, ОС (ЦС) антенна биіктіктерімен h_b=40 (м) және $h_m = 1{,}6$ (м) ықшам терминалмен кері арна мағыналарын пайдаланамыз.

$$L(дБ) = 69.55 + 26.16\log_{10}(450) - [(1.1\log_{10}(450) - 0.7)1{,}6 -$$
$$-(1.56\log_{10}(450) - 0.8)] - 13.82\log_{10}(40) + (44.9 - 6.55\log_{10}(40))\log_{10} d_{km} -$$
$$-4{,}78[\log(450)]^2 + 19.33\log(450) - 40.94 \quad = 86.626 + 34.407 \cdot \log(d_{km})$$

Сонымен, (3.38) және (3.40) теңдіктерін салыстырып, L_1 және γ үшін мағыналарын табамыз:

$$L_1 = 86{,}626, дБ \text{ және } \gamma = 34{,}407/10 = 3{,}441 \tag{3.41}$$

Керекті қабылданатын сигналдың орта мағынасы:

$$P_s = \frac{P`_s}{1 - M/M_{\max}} \tag{3.42}$$

мұндағы $M/M_{\max}$ сотыдағы тұтынушылар санының төбелік санына қатынасы, дБм қуатындағы қор:

$$P_S = P`_S - 10\log_{10}(1 - M/M_{\max}) \qquad (3.43)$$

Қор есебіне тұтынушылардың идеалды төбелік саны төмендегі формула бойынша есептелінеді:

(3.44)

$$M_{\max}(E_b / N_0) = \frac{PG}{(E_b / N_0) \cdot F \cdot \alpha_r}$$

Осыдан келіп, таратудағы жұмсалған шығындарды есептейміз:

$$P_S = _тарат. + куш, коэф - шыг - L_{\max} = P_R - L_{\max} \qquad (3.45)$$

Мұндағы

$$P_R = P_m - L_m + G_m - L_p - L_c + G_b - L_b \qquad (3.46)$$

P_R - ықшам терминал қуатын анықтайды, дБм.

Сонымен:

$$L_{\max} = P_R - P_S \qquad (3.47)$$

3.46 формула арқылы алынған нәтижелердегі кері арна мәліметтерін пайдаланамыз:

$$P_R = 1{,}7 - 0 + 1 - 3 - 2 + 24{,}021 - 3 = 18{,}721,\ дБм; \qquad (3.47)$$

Әлсіреуді таратудағы төбелік теңдеу:

$$L_{\max} = P_R - P_S = P_R - P`_S - 10\log_{10}(1 - M/M_{\max}) \qquad (3.48)$$

Енді (3.48) формулаға соты радиусы теңдеуін алу үшін $L_{\max}$ түріндегі (3.39) пайдаланамыз:

Өту аумағының радиусын алу үшін екі түрдегі сигнал/шу қатынастарын пайдаланамыз:

$$R_{km} = 10\log_{10} R_{km} = \frac{L_{\max} - L_1}{\gamma} = \qquad (3.49)$$

$$= \frac{P_R - L_1 - P`_S - 10\log_{10}(1 - M/M_{\max})}{61 \quad \gamma}$$

$E_b/N_o = 0{,}7$, дБ аз мағынасымен өту аумағын анықтау үшін және орта мағынамен

$E_b/N_o = 7$, дБ нормал режимде жұмыс атқаратын базалық станса үшін.

3.39 формуласын есептейміз және алынған нәтижені кесте түрінде енгіземіз

$$R_{km}(M) = 10^{\frac{17{,}611+2{,}906\log(1-M/445)}{10}}$$ - төбелік мағына үшін

$$R_{km}(M) = 10^{\frac{17{,}611+2{,}906\log(1-M/445)}{10}}$$ - төбелік мағына үшін.

3.1 суретте абоненттер санына өту аумағының тәуелділік графигі келтірілген.



3.1 сурет – Абоненттер санына өту аумағының тәуелділігі

Графиктен:

$E_b/N_o = 0{,}7$, дБ болғандағы МТ жұмысының төбелік мүмкін аралығы: R = 73.924 км;

$E_b/N_o = 7$, дБ болғандағы МТ жұмысының төбелік мүмкін аралығы: R' = 47.943 км;

Жүктемені есептеу

